

**Халықаралық қатынастар факультеті**  
**«халықаралық құқық» мамандығының 4 курс бакалариаты үшін**  
**«Құқыққорғау органдарының халықаралық стандарттары» пәні**  
**бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы**  
**Оқытушы з.ғ.к., аға оқытушы Әпенев С.М.**

**Қорытынды емтиханды өткізу ережесі**  
**Дәстүрлі емтихан: дәстүрлі – сұрақтарға**

**Емтихан форматы** – ауызша. **«Құқыққорғау органдарының халықаралық стандарттары» пәні бойынша емтиханды өткізу платформасы – Конференция ZOOM.** Бакалавриаттың ауызша емтиханды тапсыру процесі бакалавриаттың ауызша емтихан түрінде жауап беруін қажет ететін, емтихан билеттерін автоматты құруды білдіреді. Ауызша емтиханды өткізу барысында міндетті түрде видеожазба жүргізіледі.

**Өткізу графигі:** Емтихан «Универ» жүйесіне алдын ала енгізілетін кесте бойынша өткізіледі және студентке факультет және кафедра арқылы хабарланады.

**Жоспарланған емтихан видео-конференц байланысына сілтеме** – емтихан болатын күні жіберіледі.

**Емтиханды өткізу ережелері:** Емтихан кестесі бойынша емтихан конференцияны ұйымдастырушы-оқытушы ZOOM конференциясын бастайды, емтиханға қатысушыларға шақырту жіберіп және қабылдайды. Егер емтиханды емтихан комиссиясы қабылдайтын болса, онда емтихан қабылдаушылар емтиханның басталу уақыты туралы студентті хабарландыру үшін комиссия мүшелерін топтың чатына алдын ала енгізеді. Барлық қатысушылар онлайн конференцияға қосылғаннан кейін оқытушы немес екомиссия мүшесі мыналарды орындайды: 1. емтиханның видеожазбасын қосады; 2. емтиханға қатысушылармен сәлемдеседі; 3. видеозапись жүргізіліп жатырғандығын ескертеді; 4. емтиханның регламентімен таныстырады; 5. емтихан тапсыратындардың кезегін нақтылайды; 6. дайындалу уақытын; 7. жауап беру уақытын анықтайды; 8. қажет болса, қалам пайдалана отырып жауап тезисін жазуға рұқсат береді; 9. жауап беру алдында емтихан тапсырушы жауап тезисін көрсетуі керек екендігін ескертеді; 10. басқа емтихан тапсырушыларға күтуге рұқсат береді – үнемі камера алдында болмауы керектігін, бірақ мәжілістен шықпау керектігін ескертеді; 11. емтихан тапсырушының аты-жөнін атайды; 12. емтихан тапсырушыға жеке басын куәландыратын құжатын видеокамераға көрсетуін (жеке куәлік немесе паспорт. ID-карте бойынша емтихан қабылдауға тиым салынады), өзі отырған бөлмені көрсетуін сұрайды. Бөлмеде өзге адамдар, мәлімет алатын көздер болмауы керек; 13. қосымша мәлімет көздерін пайдалануға тиым тар екендігін ескертеді; 14. Емтихан комиссиясының төрағасы студенттің аты-жөнін атап, одан экранды қосуды сұрайды, өзінің есеп жазбасы бойынша ИС Univer кіруін,

емтихан билетін ашып, оны оқуын сұрайды; 15. Комиссия кейін сұрақтар қою үшін студенттің айтқан сұрақтарды жазып отырады.

**Дайындалу уақытының ұзақтығы - 15 минут; Билетке жауап беру уақыты -15 минут.**

**Бағалау саясаты:** емтиханда алған балдар емтихан ведомостына енгізіледі. Оқытушы ИС Univerдегі аттестациялық ведомостке балды қолмен қояды. Балдарды қою уақыты – 48 сағатқа дейін. Емтихан нәтижелері прокторинг нәтижесі бойынша қайта қарала алады. Егер студент емтиханды тапсыру ережелерін бұзған болса, оның нәтижесі жойылады.

## **Құқық қорғау органдары қызметінің халықаралық стандарттары» пәні бойынша емтихан сұрақтары**

### 1-блок

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының құқықтық мәртебесі және оның міндеттері.
2. ҚР ішкі істер Министрлігінің негізгі міндеттері.
3. Криминалдық, әкімшілік, әскери полицияның, сонымен қатар әскери тергеу органдарының негізгі міндеттері.
4. ҚР ПМ қылмыстық атқару жүйесінің түсінігін, оның құрылысы.
5. ҚР ПМ қылмыстық атқару жүйесі Комитетінің міндеттері мен құрылысы.
6. ҚР ПМ құрылысын және шет елдердің құқық қорғау органдарымен сыртқы байланыстарын дамыту бойынша қызметтері.
7. Аудандық ішкі істер бөлімінің құрылысы.
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі қызметінің және ұйымдастырылуының міндеттері мен өкілеттіктері.
9. Экономикалық құқық бұзушылықтарды тергеу қызметінің өкілеттіктері.
10. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының мәртебесі мен өкілеттігі.
11. Өрт сөндіру қызметінің құқық қорғау органы ретіндегі өкілеттіктері.
12. ҚР құқық қорғау органдары қызметіне түсудің тәртібі.
13. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайлары.
14. Құқық қорғау органдарында қызметті аяқтаудың тәртібі.

### 2-блок.

1. Лауазымды адамдарға және құқыққорғау органдарының жүйесіне арналған халықаралық стандарттардың мемлекеттердің құқыққорғау органдарының қызметтерін дамытудағы ролі.
2. Прокуратура органдарының қызметтерін ұйымдастырудың халықаралық-құқықтық қағидалары және прокуратураның функциялары (қызметтері).
3. Прокуратура органдарының халықаралық стандарттарының түсінігі және түрлері.
4. Қазақстан Республикасының экономикалық істерді тергеу қызметі, оның міндеттері.

5. Құқық тәртібін қолдау бойынша лауазымды адамдардың жүріс-тұрысының халықаралық стандарттарының негізгі ережелері.
6. Құқық қорғау (полиция) органдары қызметкерлерінің күш және арнайы құралдарды қолдануына қатысты халықаралық стандарттары және жалпы қағидалары.
7. Азаптаудың және адамдарға қатігездікпен қараудың алдын алу саласындағы халықаралық қағидалар мен стандарттар, олардың негізгі ережелері.
8. Полиция қызметіне қатысты халықаралық стандарттар, олардың полиция қызметкерлерінің құқықтық санасының дамуына әсері.
9. Жемқорлықпен күрес саласындағы халықаралық стандартты құжаттар, оларға ҚР заңдарының сәйкестік дәрежесі.
10. Германия Федералдық полициясының қызметтері мен өкілеттіктері.
11. Германия Федералдық полициясының құрылысы және ұйымдастырылу ерекшеліктері.
12. Чехия ұлттық полициясы қызметінің құрылысы мен ұйымдастырылуы.
13. Франция Ұлттық полициясының қызметтері мен өкілеттіктері.
14. Франция қылмыстық сот өндірісі жүйесінің ерекшелігі.

#### **Емтихан сұрақтары жасалатын пән тақырыптарының тізімі**

1. Құқыққорғау қызметтері, оның негізгі белгілері және түсінгі, міндеттері мен мақсаттары.
2. Халықаралық стандарттардың құқыққорғау органдарының қызметтерін дамытудағы рөлі.
3. Прокуратура органдарының қызметтерін ұйымдастырудың қағидалары және прокуратураның функциялары (қызметтері).
4. Прокуратура органдарының халықаралық стандарттары.
5. Ішкі істер органдары және олардың қоғамдық қауіпсіздікпен қоғамдық тәртіпті қорғаудағы рөлі.
6. Қазақстан Республикасында ішкі істер органдарының ұйымдастырылуының және қызметтерінің құқықтық негізі.
7. Қазақстан Республикасының экономикалық істерді тергеу қызметі: міндеттері, қызметтері, қағидалары.
8. Құқық тәртібін қолдау бойынша лауазымды адамдардың жүріс-тұрысының халықаралық стандарттары.
9. Құқық қорғау (полиция) органдары қызметкерлерінің күш және арнайы құралдарды қолдануына қатысты халықаралық стандарттар және жалпы қағидалары.
10. Азаптаудың және адамдарға қатігездікпен қараудың алдын алу саласындағы халықаралық қағидалар мен стандарттар.
11. Полиция қызметтеріне қатысты ұлттық заңдарды жетілдіруде Еуропа Кеңесінің стандартты ережелері.
12. Жемқорлықпен күрес саласындағы халықаралық қағидалар мен стандарттар.

13. Жемқорлықпен күрес бойынша уәкілетті орган.
14. Шет елдердің негізгі құқыққорғау институттары.
15. Германия және Чех Республикасының негізгі құқыққорғау институттары.
16. Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдары қызметтерінде халықаралық стандарттарды іске асыру мәселелері.

### **Оқу әдебиеттері**

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі. 2014 жылы қабылданған.
2. Самалдыков М.К. Правоохранительные органы Республики Казахстан: учеб. - метод. пособие. - 3-е изд., перераб. и доп. /М.К.Самалдыков. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 298 с.
3. Самалдыков М.К. Уполномоченный орган в борьбе с коррупцией: учебно-методическое пособие / М.К.Самалдыков. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 104 с.
4. Самалдыков М.К. Правовые основы противодействия коррупции: курс лекций /М.К.Самалдыков. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 174 с.
5. Айдарбаев С.Ж. Международные договоры Республики Казахстан о сотрудничестве в сфере борьбы с преступностью: сборник документов / С.Ж. Айдарбаев. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 544 с.
6. Әпенев. С.М., Айдарбаев С.Ж., Шакиров К.Н. Қазақстан Республикасының және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы. (Сотқа дейінгі өндіріс) Жалпы және Ерекше бөлімдері. Оқулық. – Алматы, 2016 ж.
7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жинағы.